

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 5 (45),
наурыз
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті ембілік арулар!

Көктемнің алғашқы күндері 8 – наурыз – Халықаралық әйелдер күні мейрамымен басталады. «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы атынан барша ембілік аруларды осынау тамаша мейраммен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақ мұнайының «қара шаңырағы» саналатын, мұнай-газ секторының бастауында тұрған – «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында бүгінгі таңда 866 қыз-келіншек еңбек етуде. Бұл жалпы ұжымның 17,6 пайызын құрап отыр. Мұнайшы қыздардың қай-қайсысы да еселі еңбектерімен абыройға бөленуде. Өйткені, олар өндірістегі ауыр жұмыстарды ерлермен қатар тең дәрежеде сапалы атқарып қана қоймай, компанияның өркендеуіне үлес қосып, ұжымның қоғамдық өміріне де белсене араласып келеді. Компанияда еңбек ететін қыз-келіншектердің 68-і басшылық қызметке тағайындалса, 4-уі «Алтын алқа» иегерлері атанып, ұрпағын саналы тәрбиелеп, тату шаңырақтың ұйытқысы атануда. Біз мұнайшы қыз-келіншектердің тәуелсіз еліміздің болашағы үшін қосқан сүбелі үлестерін әрқашан мақтанышпен айтамыз.

Құрметті ембілік арулар! Сіздерді 8-наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтай отырып, мықты саулық, еңбектеріңізге толымды табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

Мереке құтты болсын!

**Құрметпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ
Басқарма төрағасы
Есен ҚАЙЫРЖАН**

Мамин – Атырау облысында ірі газ өңдеу зауытын салу мәселесі туралы

ҚР Премьер-Министрінің сайтында хабарланғандай, Атырау облысына жұмыс сапары аясында Асқар МАМИН осы мәселе жөнінде кеңес өткізді.

– Қашаған кен орнында ілеспе газды өңдеу зауытын салу еліміз үшін маңызды жоба, ол кен орнында мұнай өндіруді 12 млн тоннаға арттыруға, сондай-ақ құрылыс кезеңінде 2800 уақытша (құрылыс кезеңінде) және пайдалануға берілген соң 600 тұрақты (пайдалану кезеңінде) жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді, – деді А. Мамин.



Үкімет басшысының айтуынша, зауыт өнімі ішкі және сыртқы нарықтарға шығарылды.

Жобаны 2021 жылдың соңына дейін Мақат ауданында, «Болашақ» мұнай және газды кешенді дайындау қондырғысынан солтүстік-шығысқа қарай 12 шақырым жерде және Ескене темір жол станциясынан оңтүстікке қарай 5 шақырым жерде іске асыру жоспарланған. Жобалық қуаттылығы — жылына 1 млрд текше метр. Инвесторы — «GPC Investment» ЖШС. Инвестиция көлемі – 860 млн АҚШ доллары. **Е**

azh.kz

Новости нацкомпании

Ужесточение экологических норм может привести к остановке предприятий КМГ

Принятие парламентом проекта Экологического кодекса в текущем варианте приведет к остановке отдельных предприятий АО «Национальная Компания «КазМунайГаз». Об этом на расширенном заседании коллегии министерства энергетики сообщил заместитель председателя Правления по производству КМГ Жакып Марабаев.

– В настоящее время министерством экологии, геологии и природных ресурсов проводится масштабная экологическая реформа. Проект Кодекса находится на рассмотрении в мажилисе парламента Республики Казахстан. «КазМунайГаз» участвует в обсуждении проекта нового Экологического кодекса, однако остался ряд открытых вопросов, таких как экономические меры стимулирования по переходу на наилучшие доступные техники, подразумевающие масштабную модернизацию и пере-

оборудование производственных объектов, значительное повышение размеров штрафных санкций, внедрение автоматизированных систем мониторинга и многое другое, – сказал Ж.Марабаев.

– Если проект Кодекса утвердится в таком варианте, то «КазМунайГазу» потребуются вложить значительные средства для перехода на новые доступные технологии, что приведет к снижению рентабельности и повлияет на нормальную жизнедеятельность предприятия, а в отдельных случаях даже приведет к остановке предприятий. В связи с важностью такого вопроса просим вас также поддержать предложение «КазМунайГаз» и Казэнерджи по принятию к сведению наших предложений и рекомендаций, – обратился Марабаев к министру энергетики РК Нурлану Ногаеву. **Е**

<https://kursiv.kz>

ИРО КМГ предварительно запланировано на октябрь-ноябрь 2020 г.

– Компания продолжит работу по выходу на ИРО. Индикативный ожидаемый срок – октябрь-ноябрь 2020 года, – сказал заместитель председателя Правления по производству АО «Национальная Компания «КазМунайГаз» Ж.Марабаев в ходе коллегии министерства энергетики во вторник. Ранее управляющий директор по управлению активами и приватизацией госфонда «Самрук-Казына» Алмасдам Саткалиев говорил, что размещение КМГ состоится не раньше I квартала 2020 года на площадках биржи международного финансового центра «Астана» (AIX) и Лондонской фондовой биржи (LSE). По его словам, «Самрук-Казына» планирует реализовать до 25% акций КМГ и рассчитывает привлечь \$3-5 млрд. **Е**



<https://www.interfax.kz>

Тағайындау

«Ембімұнайгаз» АҚ-да жаңа кадрлық тағайындаулар болды

Өндіріс жөніндегі басқарушы директор тағайындалды

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылық құрамында өзгеріс болды. Өндіріс жөніндегі басқарушы директор Абат Құтжановтың ҚМГ ҰК АҚ-ға жұмысқа ауысуына байланысты, 2020 жылдың 2 – наурызынан бастап ЕМГ Өндіріс жөніндегі басқарушы директор болып Жылқышиев Мәлік Жолдасқалиұлы тағайындалды. Бұған дейін Мәлік Жылқышиев «Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры қызметін атқарып келді.

Жылқышиев Мәлік Жолдасқалиұлының мұнай және газ саласы бойынша жоғары білімі бар. В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын, Атырау мұнай-газ университетін, Қазақ-Британ техникалық университетін бітірген.

Еліміздің мұнай-газ саласында 38 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді.



Мұнай және газ департаментінде – жаңа директор

ЕМГ Мұнай және газ департаментінің директоры болып Сарсенов Таңат Мубаракұлы тағайындалды.

Бұған дейін Таңат Сарсенов ҚМГ ҰК АҚ Мұнай және газ өндіру департаменті директорының орынбасары қызметін атқарған.

Таңат Сарсеновтің мұнай және газ саласы бойынша жоғары білімі бар. Атырау мұнай-газ университетін бітірген. **Е**

Жұмыс сараланып, жаңа міндеттер жүктелді

– **Ғибатолла Толағайұлы, ең алдымен, басқарманың өткен жылғы қорытындысы туралы айтып өтсеңіз. Жылды қандай жетістіктермен аяқтадыңыз (өндіріс, әлеуметтік сала, кадр мәселесі, т.б.)?**

– Басқарманың өндірістік көрсеткіштерін айтып өтсек, 2019 жылғы мұнай өндіру және тапсыру жоспарын 100,01 пайызға орындадық. Бұрғылаудан жаңа 7 ұңғы іске қосылды, геология-техникалық және өндірістік техникалық шаралар 100 пайызға орындалды.

Бүгінгі таңда басқарма бойынша мұнай және газ өндіру ұңғымаларын пайдалану кезінде кездесетін басты мәселелердің бірі – қою мұнай өнімін өндіру кезінде қиындықтардың туындауы болып табылады. Осы туындалған қиындықтардың оң шешімін табу мақсатында басқармамыздың мұнай және газ өндіру ұңғымаларына бірнеше жаңа технологиялармен өндірістік-тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде, оң нәтижесін бергені – төменгі электр жылытқыш қондырғылары. Бұл қондырғы көп жылдардан бері асфальт-шайырлы-парафинді шөгінділер салдарынан болып тұрған кедергілерді жою мақсатында 2019 жылы Ақинген кен орнында 13 ұңғымаға қондырылды. Бұрын өндірісте шөгінділерден құтылу үшін ұңғыма ыссы тауарлық мұнаймен өңделетін еді. Бұл өңдеу әдісі ұзақ мерзімді қажет етеді және тапсыруға дайындалған мұнайдың шығынына әкеліп соқтырады. Ал, қазіргі таңда еңгізіліген бұл жаңа технологиялық әдісі қаражат шығынын үнемдеуге және өндіріс мөлшерін ұлғайтуына оң ықпалын тигізіп отыр.

Басқарманың өндірісішілік жолдарының жағдайы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Жалпы 2017–2018 жылдары С.Нұржанов – Ақтөбе және С.Нұржанов – Батыс Прорва кен орындары аралығындағы көлік жолдары күрделі жөндеуден өтті. Алдағы уақытта 2019 – 2023 жылдарға арналған жоспарға сәйкес, Қисымбай, Құлсары, Аққұдық, Ақинген, Батыс Прорва кен орындары бағыттарына көлік жолдарын салуды жоспарланып отырмыз. Сондай-ақ, өндірістің мұнай және ілеспе су айдау сораптарының жұмыс процесін бақылау және қашықтықтан басқаруға қол жеткізу мақсатында Прорва МДЖАЦ-да технологиялық сораптар ғимараттарының құрылысы аяқталды.

Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстарымыз жыл сайын толығымен үстінде. 2019 жылы Аққұдық кен орнындағы жұмысшылар жатақханасы мен Прорва кен орны «Каспий самалы» вахталық қалашығындағы №1 және №2 асханаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Үстіміздегі жылы Терең-Өзек кен орнындағы 50 орындық №2 жатақхана және «Каспий самалы» вахталық

қалашығындағы 100 орындық №1 жатақхананы күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. Сонымен қатар, мұнайшылар мен олардың отбасыларына «Ұжымдық шартта» қаралған барлық әлеуметтік қолдау шаралары толықтай көрсетіліп келеді.

– **Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-да 3 ауыр жағдай тіркелінді. Оның бірі – ауыр жарақат. Бұл фактілердің орын алу себебі жұмысшылардың техника қауіпсіздігін дұрыс сақтамауы ма, әлде, басқа да жағдайға орай ма?**

– 2019 жылы басқарма бойынша 3 жазатайым оқиға тіркелді. Оның ішінде екеуі жеңіл жазатайым оқиға, біреуі – ауыр жазатайым оқиға. Ауыр жазатайым оқиға Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойына байланысты Шымкент қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ спартакиадасында орын алды. «Ембімұнайгаз» АҚ құрамасының атынан армрестлинг бойынша жарысқа қатысқан қызметкеріміз жарыс кезінде қолынан ауыр жарақат алды. ҚР заңнамаларына сәйкес жазатайым оқиғаға жұмыскердің кінәсі болмағандықтан, оқиға өндіріспен байланысты болып тіркелді. Қалған екі жеңіл жазатайым оқиға ұңғыларды жерасты жөндеу операторларының техника қауіпсіздігін сақтамағандығынан, яғни, адам факторынан орын алған оқиғалар. Бұл оқиғалар уақытында тексеріліп, себебі анықталып, алдағы уақытта болдырмау мақсатында іс-шаралар жасақталып, басқарма жұмыскерлерімен кезектен тыс нұсқама өткізілді. Іс-шаралар аясында жұмыскерлердің қауіпсіздік техника бойынша оқу-жаттығуына үлкен көңіл бөлініп, сапасын арттыру шаралары орындалуда.

– **2017 жылдың маусым айында Компания ірі жоба – Прорва кен алаңдары тобында ілеспе газды күкірттен тазарту қондырғысын іске қосты. Бүгінгі жетістігі қандай? Тағы қандай оң нәтиже күтеміз алда? Сондай-ақ, ірі жобаның бірі ілеспе газды күкірттен тазартуға арналған арнайы мердігер компаниямен бірігіп, күкіртті экспорттауға да қол жеткізілді. Осы тұрғыда жоспарларыңызбен бөліссеңіз.**

– 2017 жылы жобалық қуаты жылына 150 млн/м3 газды күкірттен тазарту қондырғысының бүгінгі жетістігі орасан зор деп айтуға болады.

Біріншіден, бұрын өндірілген ілеспе газ алау болып ауаға жанып жататын, кейін жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңда көрсетілгендей ілеспе және табиғи газды алау етіп жағуға болмайтындықтан, осы газ өңдеу зауыты салынды. Осы зауыттың іске

қосылуы арқасында алау сөндіріліп, қоршаған ортаға келтіретін зиянды қоспалар мөлшері жойылды.

Екіншіден, ұңғыдан шыққан шикі ілеспе газ өңделіп, бүгінгі таңда 130 млн/м3 таза газ халық игілігіне жаратылуда.

Үшіншіден, қосымша жұмыс орны ашылып, 140 адам жұмысқа алынып, халқымыздың әлеуметтік жағдайының көтерілуіне бірден-бір себепін тигізуде.

Газды күкірттен айыру мақсатында, LOCAT қондырғысы іске қосылды. Бүгінгі күнге дейін шығарылған 500 тоннадан астам күкірт түйіршектері мердігер компаниямен бірігіп нарыққа шығарылды. Өнімнің көлемін арттыру және нарық бағытын ұлғайту сынды жұмыстар, Қоғамның коммерциялық мәселелер жөніндегі мұнай және газ өткізу департаменті арқылы қарастырылуда.

– **Сіз басқарып отырған аймақ – негізінен байырғы кен алаңдары қатарында. Өнім өндіру тұрақтылығын қамтамасыз етуде жаңа технологияның алар орны маңызды. Компанияның бүгінгі таңда бағыт қолға алып отырған бағыты – трансформациялау. Бұл орайда не айтасыз?**

– Заманауи терең өзгерістерге бірінші болып бейімделген бизнестің бәсекеге қабілеттігі аса жоғары болады. Сондықтан, бизнес саласында пайда болатын идеяларды тиімді жолмен енгізе отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығарып, ұлттық экономикамызды көркейтуге үлес қосу, біз үшін өте маңызды. Осы ретте, Компанияның қолға алып отырған бағытының бірі – трансформациялау. Бұл бағытта біраз маңызды шаралар атқарылуда. Атап айтсақ, жаңа сапалы өнімдерді шығару үшін жаңа технологияларды енгізу, еңбекті үнемдеу, өндірісті оңтайландыра отырып шығындарды төмендету т.б.

– **Биылғы жылға қандай жоспарлар бар? Өндіріске жаңа серпін беретін қандай жоспарлар жүзеге аспақшы?**

– Басқарма бойынша биылғы жылға қабилданған жоспардың көлемі – 1 100 685 тонна мұнай өндіру. Осы жоспарға жету мақсатында биыл бұрғылау жұмыстары 9 ұңғымаға жоспарланып отыр. Оның ішінде 2 ұңғыма көлденең, 7 ұңғыма тігінен. Бұрғылау жұмыстарынан 18 478 тонна мұнай өндіру күтілуде.

Жалпы, Ембі кен алаңдарының дені – байырғы кеңіштер. Сулану деңгейінің жоғары болуын жоққа шығармаймыз. Осы орайда, ұңғымалардың өнім беру көрсеткішін барынша тұрақтандыру мақсатында барлық тиімді әдістерді қолдана отырмыз. Ұңғымалардың өнім беру көрсеткішін арттыру мақсатында өзінің



тиімділігін көрсетіп жүрген жұмыстардың бірі – күрделі жөндеу жұмыстарын тұрақты ұйымдастыру.

Қойнауқаттың өнім беру деңгейін көтеру мен кен аймағын қалпына келтіру, ағынды қарқындалу жұмыстарын жүзеге асыру үшін 2020 жылы пайдалану қорынан күрделі жөндеу жұмыстары жүргізу мақсатында 75 ұңғыма қарастырылып отыр. Жөндеу жұмыстарынан 21 740 тонна қосымша мұнай өндіру күтілуде.

Осы тұрғыда және бір айта кететін жайт, Батыс Қарасор алаңында тәжірибелік-пайдалану жобасы іске асырылды. Жалпы, Батыс Қарасор алаңы 1975 жылы МОГТ сейсмикалық жұмыстары нәтижесінде ашылды. 1963 – 1985 жылдары Батыс Қарасор алаңында 13 терең барлау ұңғымасы және 20 құрылымдық-барлау ұңғымалары бұрғыланды. Көмірсутегі кен орындарын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссиясының 2018 жылғы 28-қазандағы № 3/10 отырысының хаттамасына сәйкес, Батыс Қарасор алаңында 2018 жылғы 12-желтоқсан – 2019 жылғы 26-маусым аралығында № Г-1, Г-2, Г-9 ұңғымалары қайта өңделіп, мұнай ағындары алынды. Пайдалану резервтерін есептеу негізінде кен орнындағы № Г-1, Г-2, Г-9 ұңғымалары тәжірибелік пайдалану қорына аударылды. Тәжірибелік-өндірістік жобаға сәйкес, 2020 жылдың қаңтар айынан бастап осы ұңғымаларды игеру жалғасуда. Сондай-ақ, осы жылы № 20 және 21 ұңғыманы бұрғылау жоспарланған. Алдағы уақытта мұндағы бұрғылау нәтижелері бойынша ұңғымаларды тәжірибелік пайдаланудан өнеркәсіптік пайдалануға көшу мәселесі қарастырылатын болады.

Сұхбатыңызға рахмет. Басқарма ұжымына табысты еңбек тілейміз!



МҰНАЙ САЛАСЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ БАСШЫ ӘЙЕЛ

Балжан Жұмағалиева жайында

Доссор кентіне жол тарттық. Мұндағы мақсатымыз – ғұмырының 60 жылын мұнай кәсіпшілігіне арнап, адал еңбегімен кәсіпшілік басшылығына дейін көтерілген, қазақ мұнайы саласында алғаш әйел басшы болған Балжан Жұмағалиеваның қызы Сәуле Измайловадан анасы туралы естелігімен танысу.



Біз барып, аман-саулық сұрасқаннан кейін 83 жастағы әжей: «Әкем де, анам да – нағыз еңбек адамдары еді. Жұмысқа деген жауапкершіліктері соншалық, оларды үйде сирек көретінбіз. Түнде жұмыстан келеді, таңертең мектепке ояңғанымызда олар көбіне үйде болмайтын. Біз апаларымыздың (әкемнің қарындастары) арқасында киіміміз таза, тамағымыз тоқ болып жүрді. Ал, жұмысқа деген жауапкершілікті мен ата-анамнан үйрендім» деп әңгімесін бірден бастап кетті.

Балжан Жұмағалиқызы 1917 жылы дүниеге келген еді. Сәуле әжей бізге берген деректерде және «Мұнайшы қыздар – нар қыздар» кітабында анасының өз қолымен жазылған естелігі келтірілген: «Әкем Жұмағали Досмұхамбетов шаруашылықпен айналысқан қарапайым шаруа болатын. 1921-1929 жылға дейін Доссор мұнай промыселындағы бұрғылау жөнінен бригаданың масленщикі болды. Кейін «Ембімұнай» тресіне қарауылшы қызметіне ауысып, 1946 жылы зейнеткерлікке шықты».

«Ұяда не көрсе – ұшқанда соны іледі» дегендей, Балжан Жұмағалиева өңірдегі жаңалыққа жаны құмартқан әкеден көп нәрсені үйренді. Ендігі мақсаты өмірден өз орнын тауып, кәсіппен айналысу болды.

Ол 1936 жылы Гурьев мұнай техникумының геологиялық факультетін қазақ қыздарының ішінде алғашқылардың қатарында бітіріп шығады, техник-геологы атанды. Берілген жолдама бойынша Балжан Жұмағалиева Ескене мұнай кәсіпшілігіне ұңғымаларды пайдалану жөніндегі геолог ретінде жұмысқа келіп, еңбекке құлшына кірісті. Теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, күнделікті жұмысын жаңалықпен толықтырып отырды.

Өзі Ескенеде болса, жолдасы Ғазиз Измайлов партияның ұсынысы бойынша Жылыой аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан КП Мақат аудандық коми-

тетінің бөлім меңгерушісі, Мақат аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істеді. Соғыстың қиын-қыстау кезінде әбден жұмысқа төселіп, ысылып қалған Б.Жұмағалиева үшін ерлермен бірге қызмет ету күнделікті үйреншікті жұмысына айналады.

12 сағаттық жұмыс күні

Қазақ мұнайшылары үшін үлкен сын болған Ұлы Отан соғысы басталған жылы Балжанның өзі майданға аттанған ерлердің орнына қажыр-қайратымен барынша жауапты қызмет етуге сұранады. Сөйтіп, оны жаңадан ашылған Сағыз мұнай кәсіпшілігіне шебердің көмекшісі етіп жібереді. Кейін шебердің өзі соғысқа аттанып, Балжан Жұмағалиеваны шеберлікке ұсынды. Ел басына күн туған шақта күніне 12 сағат жұмыс жасауды күн тәртібіне енгізіп алып, бар күш-жігерін тек қана ел игілігі үшін жұмсай бастайды.

– Есімде қалғаны анам күні-түні үй көрмей, жауында да, қарлы бо-

ранда да учаскедегі ұңғымалардың ақауларын жөндеп, қалай да іске қосатын. Тіпті болмаса, жөндеуші адамдарға үйден тамағын алып, «Азық-түлік менде. Киіміңді ки де, жұмысқа жүр» деп ерте жөнелетін. Сонда күннің қай мезгілі болса да уақытпен санаспайтын. Тіпті ауылда жарық өшіп қалса да, қарап тұрмай, қалпына келтіру жұмыстарына кірісіп кететін еді.

Ал, әкем құрылыс-монтаждау жұмыстарында жүргені есімде қалды. Сонымен қатар, сұрапыл жылдары тамаққа берілетін карточкаларды үлестірген ғой. Аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болғандықтан, бәріне бірдей қарап, ортақ тәртіпке сай тең таратып отырған. Кейіннен комиссия тексеріс жасағанда әкемнің әділдігіне таңданыс білдірген екен. Бала болсам да, сол сәттер менің есімде анық сақталған», – дейді әжей бізбен әңгімесінде.

«Ат құлағында ойнаған...»

Балжан Жұмағалиқызы өз естелігінде: «Бар қыздарды жинап, қыздардан құрылған бригада құруды ұсындым. Сөйтіп, тәулігіне 12 сағат жұмыс жасадық. Біздің сол кездегі тамағымыз 800 грамм қара наннан ғана құралушы еді. Учаскеміз поселкеден 5-6 шақырым жерде орналасқан. Сондықтан да, учаске шебері маған мініске ат берді. Сол ат үстінде жүріп, учаскенің бар шаруасын ыңғайлап бітіруші едік. Күніне 10 шақырым жерге атпен барып келу аса қиынға соқпайды.

Соғыс жылдары сапалы отынға сұраныстың үнемі артуына, жалпы алғанда, мұнай өндіру және мұнайды қайта өңдеу салаларының қарқынды дамуына түрткі болды. Қазақстандық мұнайшылар КСРО-да алғашқы болып мұнайды қайталама әдіспен өндіруді меңгерді. Республика мұнай өндіруден КСРО-да Ресей

Федерациясы мен Әзірбайжаннан кейінгі үшінші орынға шықты. Сөйтіп, күнделікті жоспарды артығымен орындап, айлық жоспар, жылдық жоспар ретінде де өзгелерден алда болдық. Соғыс жылдары Сағыз промыселындағы ең алдыңғы қатарлы учаскенің бірінен саналдық, – деп жазған.

1944 жылы Б.Жұмағалиеваны Доссор кәсіпшілігінің мұнай өндіру жөніндегі бастығы етіп тағайындайды. Жаңа басшы қызметке кірісе салысымен бұрынғы еңбек ету қалпын бұзбастан, оны еселетіп, еңбек көрігін қыздыра түсті. Оның басшылық қызметте еңбек етуі көп ретте тез шешім қабылдап, қажетті орында қажетті құралды пайдаланып, мұнай өнімін молайтып қана қоймай, оның қорға кері әсерін тигізбейтіндей етіп өндірілуіне көп үлес қосты.

1945-1951 жылдары аралығында Б.Жұмағалиева Доссор мұнай-газ өндіру басқармасында бөлім бастығы, директордың орынбасары, екінші әдіс жөніндегі инженер қызметтеріне дейін көтеріледі. Оған, мұндай жауапты істердің оған тапсырылуы тектен-тек емес-ті. Бұл жұмыстардың қыр-сырын меңгеруі және уақытылы дұрыс шешім қабылдай білуі өндірісті ұйымдастырушы басшылардың сенімін туғызады. Еңбекқор Балжан Жұмағалиқызының елді есеңгіреткен соғыс жылдары белін бекем буып, жауапты жұмыстарды сапалы атқаруы ерлікпен пара-пар деуге болады.

Қарт Ембінің қайсар қызы

1959 жылы Доссор-Мақат учаскелеріне ауысып, 1962 жылы облыстық партия комитетінің хатшысы Н.Оңдасынов өз ісіне адал берілген Балжанға сенім артып, Доссордағы кәсіпшіліктің директорлығына шақырады. Сол кездегі қалыптасқан тұрмыс үрдісіне қайшылау болғандықтан ба, оны көп адам қолдай қоймайды. Әйел басшыға деген сенімсіздік білдірген кейбіреулер кәсіпшіліктің жұмысы жақсарып кетеріне сене де қоймайды. Бірақ, басшы әйел бай тәжірибесінің арқасында еңбек майданының алдыңғы шебінде жүреді.

Доссор кәсіпшілігінің директоры болып жасаған 8 жылда ол қазақ қыздарының мәртебесін, абыройын көтере білді. Өйткені, олардың әрқайсысы жігіттермен иықтаса жүріп, өндірістің маңызды учаскелерінде табысты еңбек ететін.

Түйін. Ел басына күн туған шақта еңбек майданында бел шешпей еңбек етіп, азаматтардың орнында жүріп, ел мақтанышы болған қазақ қыздарының ішінде Балжан Жұмағалиеваның да есімі қазақ мұнайының тарихында алтын әріптермен жазылып қалары хақ. Оның ерлікпен пара-пар ісі, кейінгі ізбасарларына көрсеткен өнегесі ұрпақ жадында сақталып қалады. **Е**



Игіліктің жолы – адал еңбекте «Алтын алқа» иегері Аққойсын Гибатуллина балаларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеуді мақсат етеді

Атырау облысы Исатай ауданындағы Тұщықұдық шағын ауылында туып өскен Абежан Қуанғали мен Гибатуллина Аққойсын осы ауылдағы М.Горький атындағы орта мектепте бірге оқыды. Мектеп қабырғасында бір-бірін танымаса да, тағдыр екеуінің жолын түйістірді. Кейіннен екеуі үлкендердің батасымен шаңырақ көтерді.

Көп балалы отбасында тәрбие алған Қуанғали 5 баланың үлкені болса, Аққойсын 8 баланың бірі болды. Көп балалы отбасынан өскен бала көпшіл, ағайыншыл, бауырмал келетіні баршаға белгілі. Бүгінде ауылдастары Қуанғали мен Аққойсынның шаңырағына «түтіні түзу ұшқан жанұя» деп сыйластықпен қарап, бағалайды.

Шынын айтқанда Қуанғали мен Аққойсын «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында еңбек ете жүріп танысты. Орта мектепті бітірген соң Қуанғали осы басқармаға қарасты қосалқы жұмыстарға жауапты мекеменің жұмысшысы болып бастады. Мектепті бітіре сала еңбекке араласқан Қуанғали да отбасылық тәрбиенің ізімен өзіне жүктелген жұмысты алаламай бірден кірісіп кететін. Елгезек мінезімен ортасына тез бауыр басты. Осы қосалқы жұмыстарды атқара жүріп, кейіннен мұнай-газ саласының негізгі жұмыстарына да араласа бастады. Яғни,

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына жұмысқа қабылданды. Осында еңбек ете жүріп болашақ жары-Аққойсынмен танысты. Жас жігітті Аққойсынның бойындағы көпшіл, бауырмал, еңбекқор мінезі бірден баурап алды десе де болады. 1996 жылы жас отау шаңырақ көтерді. Міне, 24 жыл отбасылық өмір, дүниеге ұрпақ келді. Бір кездері өздері көп балалы отбасынан тәрбие алса, бүгінде өздері отбасында жеті баланы тәрбиелеп отыр.

Аққойсын 2012 жылы «Күміс алқа» иеленсе, 2014 жылы «Алтын алқаны» кеудесіне тақты.

Шаңырақта өсіп жатқан жеті баланың жетеуі де өздерінің жақсы табыстарымен ата-насын қуанытып жүрген саналы ержетіп келе жатқан өскелең ұрпақ.

Халқымызда «арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе, соңғы дөңгелек те солай жүреді» деген сөз бар. Балалардың үлкен Әсемгүл мектептің өзінде белсенді де үлгілі оқушы атана білді. Жақсы үлгерімімен, спортқа, өнерге деген

ерекше сүйіспеншілігімен топ жарды. Музыкалық аспап – Баянда шебер ойнаса, волейбол, баскетбол ойындарында мектептің құрама командасында болып, тамаша жетістіктерге қол жеткізген алғыр оқушы атанды. Сол кездері дәстүрлі шараға айналған «Ақ көгершін» атты республикалық өнер фестиваліне де қатысып, облыстың намысын қорғаған. Мектептің соңғы сыныбында оқып жүргенде сырттай емтихан тапсырып, шет елдегі екі жоғары оқу ордасына грант жүйесімен оқуға түсіп тұрса да, ата-ананың ұйғарымымен Атырау қаласындағы жоғары білім ордасына құжаттарын тапсырды. Бұл жолы жа мемлекет тарапынан берілген грантқа қол жеткізді. Бүгінде Атырау қаласында мұнай-газ саласының сызбаларын дайындау бағытында еңбек етіп жатыр. Екінші бала – Наталия мектепті «Алтын медальмен» бітіріп, бүгінде Ресейдің Астрахань қаласындағы медицина институтының 3-курс студенті. Үшінші бала – Нұрмухамедьяр Атырау қаласындағы С.Өтебаев атындағы мұнай-газ университетінің 1-курс студенті. Ахмедьяр Атырау облысындағы «үздіктер» қатарындағы Ж.Досмұхамбетов атындағы техникалық лицейдің 10-сыныбында, Светлана Исатай ауданының орталығы Аққыстау селосындағы Абай атындағы орта мектептің 5-сыныбында, Юлия 3-сыныбында, ал, кенжелері Ақерке 1-сыныпта оқып жатыр.

– Балаларымның тәрбиесінде аса мән беретінім олардың шаруаға бейім өсулері мен өздері шешім қабылдай алатын белсенділігін қалыптастыру. Мен үлкен шаңыраққа келін болып түстім. Өзімнің анамнан алған тәрбиенің арқасында «үлкен отбасының үлкен тіршілігіне» бірден төселдім. Енемнен де көп нәрсені үйрендім. Қыздарымның бойынан отбасына тез бейімделе алатын қасиетті дарытқым келеді. Ұлдарым әкелеріне қарап өседі ғой. Бұл орай-



да жолдасым Қуанғали қаншалықты жұмыстан шаршап келсе де, балаларына үнемі уақыт табуға тырысады. Ұлдарымен сөйлесіп, күнделікті атқарған шаруаларымен танысып отырады. Бүгінде енем бізден бірге. Үлкені бар шаңырақтың күнделікті тіршілігі белгілі ғой. Үнемі қонақ, оған сенің дастарханың да, төрің де дайын болу керек. Менің балаларым кішкентайларынан қонақ күтіп үйренген. Әкелері екеуіміз үнемі жұмыстамыз, кешкілік қонақпен бірге келіп жататын кездеріміз де болатын. Сондайда, балаларым – қолқанатым, жүгіріп жүріп меймандарды күтісетін, – дейді «Батыр ана» Аққойсын.

Қуанғали Абежан «Жайықмұнайгаз» басқармасына қарасты №2 мұнай-газ өндіру цехының басшысы болса, Аққойсын Гибатуллина №3 Жаңаталап мұнай-газ өндіру цехында геолог болып еңбек етеді. Екеуі де жоғары білімді мамандар. Қуанғали Саратов политехникалық институтын «қызыл дипломмен» (бүгінде университет) бітірсе, Аққойсын – Атырау мұнай-газ университетінің түлегі. Өз бақыттарын еңбектен тапқан ерлі-зайыпты мұнайшылар балаларының да бойына еңбекқорлық қасиетті дарытуды мақсат етеді.

– Адал еңбек, маңдайтермен келген табыс қана адамды игілікке жеткізеді, – дейді ембілік мұнайшы ерлі-зайыптылар. **Е**



Өмір иірімі: «Ана көрген тон пішер...»



Мұстахима Исмаилова, зейнеткер:

Біздер мұнайшы елінің перзенттеріміз ғой. Әкем бұрғылаушы болып қызмет жасады. Соларға еліктеп өскен мен де Алматы қаласында Ленин атындағы политехникалық институтты бітіріп, қызмет етілімді оператор қызметінен бастадым. Кейін геология, техникалық бөлімшелерде де қызмет жасадым. Бұдан соң зейнеткер-

лікке шыққанша кадр бөлімінде еңбек еттім. 2012 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін мені осы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Ардагерлер кеңесінің төрайымы етіп сайлады. Бүгінде осы өзіміз еңбек еткен қара шаңырақтың бір топ зейнеткерлері сұраса ақылымызды айтып, қолдан келсе көмегімізді көрсетіп келеміз.

Қазақ баласының санын айтпайды ғой. Шүкір, немереге де баймын. Ұлды

ұяға, қызды қияға қондырып отырмын. Мен – өзім де он баланың бірімін. Шешем Кеңес одағы кезінде «Батыр ана» атағын алды. Бір әке-шешеден тараған бесеуіміз де мұнайшы мамандығын таңдаппыз. Менен өрбіген ұл-қыздар да осы саланы алып жүр. Үлкен қызым – бүгінде «Күміс алқа» иегері.

Надира Тажибекова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстары цехының зерттеу операторы:

Менің екі мамандығым бар. Бірі – сәулет және құрылыс мамандығы, екіншісі, осы жасап жатқан мамандығымға сәйкес оқыдым. Биыл осы бпсқармада қызмет жасап жатқаным 20 жыл болады.

Ал, бала кезімді спортқа әуес болдым. Сол себепті шығар, шешімді тез қабылдай саламын. Менің алты балам да өнер саласынан алыс емес. 19 жастағы үлкен ұлым «Журналистика» мамандығы бойынша біліп алып жатыр, бірақ, өнерден құр алақан емес. Пианист. Екінші ұлым күйші-термеші, бірақ оқып жатқан мамандығы – «Заңгер». Тағы бір ұлым суретке зерек. Мен жас шағымда домбырада, гитара да тарттым. Маған жалпы өнердің сәл ұшқыны нағашы жұртымнан келген деуге болады. Мен



мұнайшы болғаным еш өкінбеймін. Бізге әлеуметтік жағдайдың барлығы жасалып отырғаны былай тұрсын, өнерімізді де әр түрлі шараларда көрсетуге мол мүмкіндік жасалуда. Мен «Күміс алқа» иегерімін деп отырғаным жоқ. Барымша елге пайда әкелер, саналы ұрпақ саны артсын деп отырған анамыз біріміз. Біздің отбасымызда ерекше күн әр аптаның – жұма күні. Үйде болғанда әр уақытта бір-бірімізге сыйлық сыйлап, мерекелі күн етіп өткіземіз. **Е**

Мұнайшы әйелдер үшін өнер мен еңбек егіз

«Ембімұнайгаз» АҚ жұмыскерлері қажыр-қайратын жұмсап, табысты еңбек етумен қатар, мұнайшылар арасында өнерді дамытудың озық үлгісін көрсетіп келеді. Бүгін біз облыстық, республикалық шаралар сахнасында, бірнеше жүздеген халықтың алдында тамылжыта ән айтып, көрермен көзайымына айналып жүрген ару мұнайшылар туралы сөз қозғамақпыз.



Бибігүл Төлегеновадан дәріс алған ару

Ел экономикасының нығаюяна, халықтың әл-ауқатының жақсаруына аянбай терін төгіп келетін Жанат Арыстанова мұнай саласында 40 жылға жуық еңбек етіп келеді.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ-да ер адамдармен бірдей кен орнында жүріп, қайыстай қатып әбден ысылған ару ауыр еңбекпен табиғатынан бойына дарыған әншілік өнерді қатар алып жүреді. Кезінде «қазақтың бұлбұлы» атанған Бибігүл Төлегенованың өзі дауысын «табиғаттан берілген тумалы талант» деп бағалаған әріптесіміз басқарманың, аудандық, облыстық, республикалық шараларда өнерін паш етіп келеді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Мақат ауданында өткізілген ауқымды шараға елге танымал әнші Бибігүл Төлегенова келіп, Жанаттың өнеріне тәнті болады. Концерттік шарадан соң, танысып, атақты әнші: «Жанат, сен маған кел. Басқаларға 4 жыл қажет болса, мен сені 4 айда профессионалды әнші қылып шығарамын», – деп Жанатты Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына шақырады. Ол кезде Жанат Қыдырбайқызы Алматы қаласындағы Халықаралық бизнес университетінде ұйым менеджменті мамандығына жұмысымен қатар оқып жүрген.

Арманы алға жетелеген маман шақыртуды қабыл алып, Қазақ ұлттық консерваториясының вокал кафедрасының профессоры болып жұмыс істейтін Бибігүл Төлегенова апайын іздеп барады. Әнші құшақ жая қарсы алып, біраз тәлімін береді. Өз ноталарын ұсынады.

«Con te partiròны» орындауға 2 жыл үзбестен дайындалдым»

«Жастан асқан шағымда үлкендер «Жаннат, ән айтшы» десе, табалдырықтың үстіне шығып бірдеңе орындайды екенмін. Сол кезде табалдырықты – менің сахнам деп елестетеді екенмін», – деп балалық шағын еске алды Жаннат ӨТЕПОВА.

Сегіз жасында анасының жетектеуімен Доссордағы музыка мектебіне фортепьяно аспабы үйірмесіне барып, 7 жыл оқып шықты. Тоғыз жылдық мектепті бітірген соң Атырау қаласындағы музыка колледжіне хор дирижерлығына (қазіргі Д.Нұрпейісова атындағы музыка академиясы) оқуға түсіп, оны да бітіреді. Кейін Ақтөбе қаласындағы А.Жұбанов атындағы университетін бітіріп, 2004 жылы Доссордағы Мұнайшылар мәдениет сарайына жұмысқа орналасады. Кейіпкеріміздің мұнай-газ саласына алғашқы қадамы осылай басталған.

Мұнайшылар мәдениет сарайына алдымен шаруашылық меңгерушісі болып орналасып, кейін вокал үйірмесінің жетекшісі, режиссер қызметтерін атқара жүріп, мәдениет сарайы-



ның ұжымымен бірге Ембіге қарасты барлық кен орындарының жұмысшыларына концерттік бағдарламалармен өнер көрсеткен.

2013 жылы Мұнайшылар сарайы аудандық әкімдіктің қарамағына өткен соң, қызметкерлер «Доссормұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» МГӨБ кен орындарында жұмысқа орналастырылды. Сол кезде Жаннат Ботахан кен орны жатақханасында қызметші, коменданты қызметтерін атқарды. Ал, 2017 жылы Қарсақ кен орнына лаборант болып ауысады.

– Анам Доссор музыка мектебінде мұғалім болып қызмет етті. Әкем Қабдол Өтепов те

мұнай саласында автобус жүргізушісі болғанымен, өнер десе ішкен асын жерге қоятын. Атақты күйші-домбырашы, дирижер, Қазақстанның халық артисі Рыспай Ғабдиев құрған Мақат аудандық халық-аспаптар оркестрі құрамында әкем әнші болып, бас домбырада ойнап, Болгарияда өткен Халықаралық байқауға қатысып келді. Екеуі де қазір зейнеткерлікте. Сондықтан, өнерге, ән айтуға деген сүйіспеншілік қанмен бойыма дарыған деп ойлаймын. Колледжге түскенде ұстазым Мақыш Зайытқызы Гайсинаның маған сіңірген зор еңбегін аса құрметпен айтқым келеді, – дейді Жаннат.

Жаннатты қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ көлемінде өткен шаралар сахнасынан жиі кездестіреміз. Бүгінгі таңда Жаннаттың репертуарында 25-ке тарта әні бар. Ембіде өткен жылы ұйымдастырылған мәдениет күндері шарасында Жаннат Өтепова Жасталап Жұмағалиевпен бірге «Con te partirò» итальян әнін орындады.

Қазіргі таңда Жаннат қазақтың әлемдік деңгейдегі классикалық күрделі әндерінің бірін орындауға дайындық үстінде.

«Музам – Роза Рымбаева»

Тағы бір өнер иесі – «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кен орны жатақханасының каменданты Айсұлу МАНТАЕВА.

– Бала кезімде түрлі байқауларға жиі қатысатынмын. Әнші болу – бала кезгі арманым. Сондықтан, Роза Рымбаеваға еліктеп өстім. Айнаның алдында тұрып, үйде де жиі өндер орындап жүретінмін. Алайда, мектеп бітірер шақта ағаларым «Өнер жолы өте қиын, қыз бала үшін бұл – қиын мамандық» деп, менің таңдауыма қарсылық білдірді. Сөйтіп, Ақтаудағы Ш.Есенов атындағы университеттен «Бухгалтер, экономист» мамандығы бойынша диплом алдым. Алайда, көңілім өнерге бет бұрып тұратын. Мен оны тастап кете алмадым, – дейді Айсұлу жастық шағын еске алып.

Доссор мұнайының 90 жылдығына жаңғыртудан өткен мұнайшылар сарайы салынып жатқан кез. Ауылға келген жас маман Қанатбаев орта мектебіне экономист болып жұмысқа орналасады. Күн сайын жұмысқа бара жатып, Айсұлу өзін мәдениет сарайының сахнасында ән айтып тұрған сәтін көзге елестетіп, қиялға берілетін.

Бір күні Оразбай Раисов ауыл өнерпаздары мен әншілерін жинады. Араларында Айсұлу да бар. Сол жерде Шәмшінің бірер өндерін орындап, әсем дауысымен көзге түседі. Дауысына тәнті болған Оразбай Раисов өзін ашылғалы тұрған мәдениет сарайына директор болып



тағайындалып, соған орай, жұмысқа ауыл өнерпаздарын жұмысқа қабылдап жатқанын айтып, ұсыныс білдірді, Айсұлу да бірден келісті.

Айсұлудың орындауындағы өндерді тыңдап отырсаң, негізінен, патриоттық сарындағы туындалыр екенін байқау қиынға соқпайды. Әншінің бала кезден Роза Рымбаеваға еліктеп өскенін осыдан-ақ байқауға болады. Соның ішінде, ең жоғары бағалауға ие болғаны Павел Еримшевтің «Цвети, земля моя» әні. «ҚазМұнайгаз» Ұлттық компаниясы» АҚ ұйымдастыруымен Елордада өткен ауқымды мәдени шарада осы әнін орындаған Айсұлу бас компания басшылары тарапынан оң бағаға ие болды.

– 2014 жылы мұнайшылар сарайы мемлекеттің меншігіне өткен сәт мен үшін қиынға соқты. Сахнамен қимастықпен қоштастым. Дегенмен, отбасы жағдайын да ойлап, Ботахан кен орны жатақханасына қызметші жұмысқа кірістім. Араға 3 жыл салып, Солтүстік Жолдыбай кен орны жатақханасына, ал, 2019 жылы Шығыс Мақат кен орны жатақханасына комендант болып орналастым. Компания аумағында ұйымдастырылатын көптеген шараларда өнер көрсетіп келемін. Алайда, өнер адамының жаны сахнаны аңсайды. Дегенмен, қазіргі қызметіміз де аса үлкен жауапкершілікті талап етеді. Күні бойы далалықта жұмыс жасап келген әріптестеріміздің алдына ыссы тамағын, жайлы орынын дайындап қою – негізгі міндетіміз, – дейді.

P.S. Кәсіби сахнада шынығып, шеберлігін үйреніп, ән құдіретінен сыр ұққан, өндірістегі ауыр еңбек пен өнерді қатар алып келе жатқан есімдері аталған үш әріптесіміздің де мұнайшылық қызметке деген сүйіспеншілігі, адалдығы, жүріп өткен өмір жолы кім-кімге де үлгі-өнеге. E

«Отбасыммен өткізген уақытым – байлығым»

Көпшілік айтатын бос уақытта мен немен шұғылданамын?

Өрине, менің жұмыстан қалт еткендегі уақытым – жолдасыммен, балаларыммен бірге өтеді. 1997 жылы мектепте өзімнен бір класс жоғары оқыған Еркін есімді жігітке тұрмысқа шықтым. Екеуіміз де көп балалы отбасында өстік. Өздеріңіз жақсы білесіздер, көп балалы шаңырақтан тәрбие алғандар өзге балаларға қарағанда бауырмал, еңбекқор келеді. Екеуіміз де қазақы салт-дәстүріміз кең өркен жайған қазақ ауылында ержетіп, білім алдық. Қазақтың әдет-ғұрпын жастайымыздан қанымызға сіңіріп өстік. Мектептен соң екеуіміз екі саланы таңдадық. Мен мұнайшылық кәсіпке бет бұрып, Атырау политехникалық институтқа (қазіргі университет) оқуға түссем, Еркін әке салған сара жолды таңдады.

Шаңырақта 3 бала өсіріп отырмыз. Алды мектеп бітіріп, студент атанса, кенжеміз мектеп оқушысы. Барлығымыздың сүйіп айналысатын ортақ кәсібіміз – төрт түлік малдың бағымы (төрт түлік малдың бәрін де ұстаймыз), бау-бақша күтімі. Өзім 14 күн ауысымдық әдіспен еңбек етемін, демалысымда ауладағы төрт түлік пен бау-бақшамыздың күтімі, оған ауладағы екі құмай тазыны қосыңыз. Бала тәрбиесі – өз алдына бөлек әңгіме. Балаларыма «үлкенге құрмет, кішіден –ізет» деген қағидамен өсіруге тырысамыз.



Балаларымды жастайынан отбасылық бизнеске де баулудамыз. Ауылдастарымыздың сұранысына орай киіз үй құрып, оны ішкі жиһаз, мүліктерімен жалға беру кәсібіміз де бар. Өрине, бәрін ұқсату салмағы көбінесе маған түседі. Бұл шаруалармен айналысқанда мен шаршау дегенді сезбеймін. Керісінше демаламын. 14 күн еңбек вахтасынан келгенде ең алдымен білек сыбана кірісетінім – ұлттық тағамның бірі – ет асамын. Менің дайындаған бешбармақ, қуырдақ, қазы-қарталардың дәмін бір татқандар, кейін тағам дайындаудың «құпиясын» сұрап жатады. Қандай құпия дейсіз, ең бастысы қолға алған қандай ма шаруа болмасын сүйіп істеміз, бар ынтаңызды соған арнаңыз.

Жолдасым Еркіннің атбегімен айналысатынын айтып өттім, ол сонымен қатар әуесқой ап баптаушы. Ол дайындаған сәйгүліктер әр түрлі додаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Оның айғағы үйдегі теледидар, кілем-паластар, тоңазытқыш т.б. Сәйгүлікті баптауға Еркінмен қатар жүріп мен де араласамын. Сәйгүліктің ертоқымын, желкенін, шаужайын, ноқта-жүгенін, төсбауын барынша әдемі етіп даярлау – менің «еншімдегі» шаруа. E

Эльмира Мырзағали, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы зерттеу жұмыстары цехының ұңғымаларды зерттеу операторы.

Замзия Мирманова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ шаруашылық меңгерушісі:

Бала кезімнен домбыраға жақын болып, Жанар Айжанованың репертуарындағы барлық әнді орындаушы едім. Кейін эстрадалыққа бет бұрдым. Өнер жолында жүріп қазіргі отағасымды да жолықтырдым. Екі ұлды тәрбиелеп отырмыз. Бірі терең ғылымды қаласа, бірі өнер жолында. Мен қос арманы да орындалған жанмын. Мұнайшылар елінде жүріп, мұнайшы да болғым келетін, өнер жолы туа біткен талантым десем болады. Міне мен екі жолды да қатар алып жүрмін. Өнер жолында жүрген ұлым да мұнайшылықпен қатар алып жүргенін қалап едім, бірақ ол тек өнерді таңдады.

Әр түрлі мұнайшылар арасында өтіп жатқан мерекелерге қатысып, ән салудан өзге демалыс күндері мейрамханаларды дизайнерлік ерекшелікпен сәндеумен де айналысамын.



«Спортшы қыз» әріптестері Айгүлді осылай атайды

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының спорт бойынша инструкторы Айгүл Какимова бала кезден спортқа бейім өсті. Алғашқы сайысы 6 сыныптан басталды. Мектепте спортқа қатысты көрсеткіштері өзге балаларға қарағанда үнемі жоғары болатын. Спорттың баскетбол, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика түрлерінен алғашында мектеп бойынша, кейіннен аудан ішілік, сосын облыс деңгейінде өткен сайыстарға қатысып, спорт әлеміне қадам жасады. Спортшы қыздың баскетболға деген ерекше құштарлығын байқаған бапкері оны спорттың осы түрінен Жылыой аудандық құрама командасына қабылдап, ірі додаларға жібере бастады. Міне, 30 жылдан астам уақыт Айгүл спортпен бірге келеді.

– Спорт адамның денсаулығын шыңдап қана қоймайды, мінез-құлқын да өзгертеді. Мен мектептің төменгі сыныптарында оқығанымда тұйық, көп ешкіммен араласа бермейтінмін. Спортқа араласқалы мінезім ашылды, көпшілікпен жиі байланыс орнатып, мектептегі өзге де қоғамдық жұмыстарға белсене араласа бастадым, – дейді спортшы қыз Айгүл Какимова.

Бүгінде «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының спорт бойынша инструкторы Айгүл Какимова ембілік мұнайшылар арасында бұқаралық спортты дамытуға үлес қосып жүрген бірден бір адам. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша өтетін дәстүрлі шара «Мұнайшылар спартакиадасында» жылыойлық мұнайшылардың дайындығына жауапты маманның бірі. Ол баптаған жылыойлық баскетболшы жігіттер Ембі өңірінің намысын әр кез биік ұстап келеді.



Сонымен қатар, Жылыой аудандық спорт мектебінде бапкер болып жас жеткіншектерді спортқа баулып та жүр. Әсіресе, Айгүлден сабақ алған баскетболдан қыздар мен ұлдар құрама командасы еліміздің түкпір-түкпірінде болған сайыстарда жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Алматы қаласы мен Талдықорған, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарындағы баскетбол додасында облыс намысын биіктен қорғады.

Бұқаралық спорттың дамуына қосқан үлесі үшін Айгүл Какимова жоғары марапаттарға да ие болуда. «Спорт саласына сіңірген еңбегі үшін» медалімен, «ҚР Ұлттық баскетбол Федерациясының құрылғанының 90 жылдығына орай» мерейтойлық медальмен, бірнеше рет Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Гүлзира Алдашбаева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ автоматтандыру бөлімінің инженері:

Домбыраны алғаш қолыма әкем 7 жасымнан бастап ұстатып, сол аспапқа баулыған еді. Содан өзімнің қызығушылығым артып, 6-сыныптан бастап Құлсары қаласының Т.Құлтумиев атындағы №1 музыкалық мектебін тәмамдадым. Бірінші сыныптан қасымда жүрген парталас құрбым екеуіміз домбыра сыныбын бітірер шағымызда «осы жолды әлі дамытамыз» деп армандап едік. Бірақ, екеуіміз де ата-анамыз өнер жолын таңдағанымызды қаламады. Сол үлкендердің кеңесімен құрбым ағылшын тілін, мен өндірістік мамандықты таңдадым. Өнер жолымызға сол сәтте нүкте қойылды. Осы басқармаға келгеннен кейін кәсіподақтың ұйымдастыруымен екі жылда бір рет «Менің елім – Қазақстан» атты фестиваль болатын. Алғаш жұмысқа келгеннен бастап, мұнайшылар арасында өнерге жақын азамат-азаматшалардың қатарынан табылдым. Сол фестивальға ұмыта жаздаған қара домбырамды алып шықтым. Бала күнгі арманымды қайта сахнаға шығарғанымға қуанышым ерекше болды. Сол күннен басқармада болатын әр мерекелік шаралардан тыс қалмауға тырысып келемін.



Шебердің қолы ортақ



Салима Абитова, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің бөлім басшысы:

Бала кезімнен сүйікті хоббиім – іс тігу. Мен үшін ең сәнді бұйым – тоқыма бұйымдар. Мектеп кезінен бастап өзіме, өзімнен кейінгі екі сңліме және анама арнап сөнге енген «киім үлгілерін» тоқып ала беретінмін. Тоқудың түр-түрі бар ғой. Ал, маған қолмен іліп тоқу ұнайды. Ең әдемі киімдер – қолмен тоқылған бұйымдар. Әдемілігі, өзіндік ерекшелігі жағынан іс машиналарымен тоқылған киімдерден еш қалыспайды.

Мен тоқыған сәнді береткалар, әдемі тоқыма кофталар, трикотаж көйлек және төсек орын – пледтерді бүгінде балаларым мен немерелерім күнделікті өмірде пайдаланып жүр. Мейрамдарда құрбы-құрдастарыма сыйлық ретінде де тарту ететінім бар.

Тоқыма киімдер – қолайлы, арзан, керек әрі сәнді бұйымдар.

Ильярика Дятлова, инженер по наладке и испытаням УРЗАИМ управления «Эмбаунайэнерго»:

Петля, петля, еще петля... так и я, на дев на спицу распускающуюся шапку куклы, еще ребенком заинтересовалась вязанием. Поскольку дома никто не вязал, а мне очень хотелось научиться этому ремеслу, я пошла в кружок вязания в Дом Пионеров. С той поры и по сей день меня переполняют гордость за каждое красиво выполненное изделие и уверенность в своих силах. С недавнего времени я вступила в волонтерский клуб «28 петель», где применяю свои умения в вязании шерстяных изделий для недоношенных детей. Шерсть стимулирует нервные окончания на тельце ребенка и заставляет его чувствовать и продолжать жить.



Мөлдіркөз Туманшиева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ геологы:

Мектеп қабырғасында оқып жүргенде «Еңбек» пәнінен Ива деген ұстазым болды. Сол кісінің іспен айналысқанына ерекше қызығушы едім. Сол кісі алғаш рет маған тоқыма тоқуды үйретті. Ұстазым үйреткен өнерді іс қылып шәлі орамалдарының айналасын тоқу, шұлық тоқу сүйікті ісімнің бірі болды. Ең алғаш рет жоғарғы оқу орында оқып жүргенімде арнайы барып жіп сатып алып, өзіме кофта тоқып алған ем. Кейін қасымдағы құрбыларымда қолқа салып, біріне юбка, біріне кеудеше тоқып беріп жүрдім. Керемет тігіншімін деп айта алмаймын. Жан дүниеме жақын істі қазір де жалғап жүрмін. Үйімдегі тігін машинамы жұмыстан кейін бір тарсылдатпаса демалмайтын болып алдым.

Басқармада болатын әр түрлі көрмелерге өз қолыммен жасаған бұйымдарымды апарып жүрмін. Көбіне құрақ көрпеге сұраныс түсіп жатады, әріптестерімнен.

Құрағаным әдемі болуы үшін асықпай қолмен көктеп алғандарымды тігін машинама салып тігіп шығарамын. Бұл менің ерекше жақсы көретін хоббиім.



Рушангүл Тұралиева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау зертханасының сарапшысы:

Тоқыма тоқу – қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнері. Жастайынан әжелері мен аналарының қасында отырып, жіп иіру қазақ қыздарына ғана тән десек болар. Тоқыма өнері жас ұрпақ үшін тәрбие құралы болған деседі. Менде сол бала күнімен кесте тігумен айналыстым. Әрине, оқушы кезімізден-ақ қолға ілмек ұстай бастадық. Адам қолынан келетін, жаны қалайтын нәрселерді жасауы керек.

Анам өте шебер адам болды. Жас кезімде әлі есімде анам да мұнай саласында қызмет жасады. Соған қарамастан алаша теріп, оны әдемілеп тоқып отыратыны есімде. Бүгінде менде анамнан үйренген бар өнерімді қыздарымның бойына дарытуға үйретіп ақ жатырмын. Бастаған жұмысты табандылықпен әр түрлі картинкаларымды бітіргенде ерекше қуаныш сезімі болатыны жасырын емес. Және бұл ой сергітуге де ерекше көмектеседі.

Мерекеге не сыйлауға болады?

Жылына бір рет анамызға, әйелімізге, ана-қарындастарымызға 8 наурызда не сыйлаймыз деген мәселе алдымыздан шығады. Дүкендерде сыйлықтан көп нәрсе жоқ көрінгенімен, сатып алайын дегенде не таңдарыңды білмей дал боласың. Оған қоса біз қарапайым дүниелерден гөрі ерекше сыйлық алуға тырысатынымыз тағы бар. Әйел адамдардың көңілінен шығатын, пайдалы да, қуантарлық не зат сыйлауға болады? Талқылап көрелік...



Әрине, ең бастысы жақындарыңыз сіздің назарыңызға зәру екенін ұмытпаңыз. Оларға қанша сомаға, не сыйласаңыз да, мұндай тамаша күнде ең бастысы оның көңілінен шығып, қуанып қойғаныңыз маңызды.

Барлық әйелдер сыйлық алғанды жақсы көреді, ал 8 наурызға сыйлық таңдағанда өз қалауыңызды ғана басшылыққа алмай, жақыныңыздың да қалауын ескеріңіз. Бұл үшін ең алдымен жақыныңыздың өмір салтын басшылыққа алып, лайықты да, пайдалы да дүние таңдауға тырысыңыз.

Үй қызметіндегі әйел адамға

Егер жақыныңыздың қызмет аясы көбіне үй тірлігі болса, онда қиялыңызға ерік беріп, сыйлықтың түр-түрін ұсына аласыз. Айтпақшы, көбіне сіз оған не қажет екенін білуіңіз де мүм-

кін, өйткені ол қандай да бір затты сатып алғысы келетінін бұған дейін айтқан шығар?

Бәлкім, бұл асханаға қажетті жақсы ыдыс аяқ, блендер, тәттілер пісіретін пеш және т.б. Егер үй аспаптары түгел болса, онда жаңа фен, жылы монша халаты немесе үйге киетін шәрке керек шығар? Техниканың дамыған заманында робот-шаңсорғыш, ас-үйлік комбайн, автоматтандырылған пештердің небір түрлері бар, тек ақшаңыз болса болғаны. Жақыныңыздың көбіне үйде болатынын ескерсек, сұлулық салонына, косметика дүкеніне сертификат, фитнес-клуб немесе бассейнге абонемент тарту етсеңіз болады. Әйелдер, қағида бойынша, өз-өзіне қарағанда ұнатады және мұндай сыйлықтар орынды болар еді.

Іскер әйел адамға

Жақыныңыз жұмыс үстеліне қойып қоятындай, әсемделген жиектемеге отбасыңыздың суретін салып, тарту етсеңіз болады. Сонымен қатар арнайы жазу жазып, әдемі қыш құмыра сыйласаңыз, сіздің қамқорлығыңызды есіне салып отырады. Бәлкім, ол жаңа киім сатып алғысы келіп жүрген шығар? Дүкенге апарып, іскерлік костюм алып беріңіз. Немесе жақыныңыздың жұмыстағы орындығына көңілі толмай жүрген болар, ыңғайлы орындық сатып әперіп қуантыңыз. Егер қалтаңыз көтерсе, жақыныңызды шипажайға немесе шетелге демалысқа аттандыруыңызға болады. Қызметтен қолы босамайтын әйелдер үшін бір уақыт демалыс тамаша сыйлық болар еді. Сонымен қатар демалыста отбасыңызды қала шетіне шығарып, атқа мініп, таза ауада серуендеп қайтудың өзі үлкен сый. Күйбең тірліктен бір сәтке босап, отбасымен бірге өткен уақыт кез келген материалды заттан құнды екені рас.

Өнерсүйер әйел адамға

Егер жақыныңыз түрлі мәдени шараларға баруды ұнатса, онда опера, театр немесе филармонияға билет – тамаша тарту. Тек бір билет қана алмай, оған ілестіріп әкеңізді, не әпкеңізді, анаңызды құрбысын жіберіңіз, болмаса өзіңіз еріп барыңыз. Кітаптардан оның сүйікті жанрының топтама-сын немесе фильмдер жиынтығын сыйлауға болады. Болмысы нәзік жандарға сыйлыққа түрлі аромашамдар немесе жақсы бір өтір жарайды. Сонымен қатар, мұндай адамдар ерекше кәдесыйға немесе әдемі құмыраға риза болады.

Қолөнермен айналысатын әйел адамға

Егер жақыныңыз уақытын киім тігу, кестелеу немесе тоқу үстінде өткізгенді жақсы көрсе, оның қызығушылығына ар-



налған кітаптар, керекті материалдар жақсы сыйлық болады. Және көп ұзамай, жақыныңыз тігіп берген киіммен кербезденіп жүретініізге сенімді болыңыз. Өлде көп уақыттан бері аңсап жүрген тігін машинасын сыйға тартарсаңыз да болады.

Аспаз әйел адамға

Егер жақыныңыздың басты қызығушылығы аспаздық болса, онда түрлі мәзірлер ұсынылған кітап – жақсы сый. Сонымен қатар бәліштерге арналған түрлі формалар жиынтығы немесе микротолқынды пеш сияқты асхана аспаптарын тарту етіңіз. Мұнда бәрі сіздің қанша сомаға шығындалуға дайын екендігіңізге байланысты. Және әрбір әйел адамның көңілінен шығатын әмбебап сыйлықтар да бар: конфеттер, торт, жемістер, кофе және жақсы шай. Бірақ, мұнда да сыйлық алушының талғамын ескеріңіз. Және, әрине, гүл сыйлауды ұмытпаңыз.

Енді жақыныңызға 8-наурызда не сыйлауға болатынын білдіңіз. Ең бастысы, есіңіз-де болсын: сыйлыққа не тарту етсеңіз де, жақыныңыз риза болады, өйткені оған сіздің ықыласыңыз бен қамқорлығыңыз маңызды, ал бұлар құнсыз дүниелер. Оларға әрдайым өз құрметіңізді көрсетіңіз және оны жақсы көретініңізді жиі айтыңыз, бұл – әлемдегі ең үздік сый! **Е**

АНЫҚТАМА:

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **blog_emg@emg.kmger.kz** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Ө.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;
Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Реформа» баспаханасы
Мекен-жайы: Алматы қ., Ақбұлақ м/а, Шарипов көш, 40 Б.
Байланыс телефондары:
+7 (727) 344 10 14,
+7 (727) 327 61 67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі